

«АНА КАПИТАЛЫ» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ

Ресей үкіметі тұрғындардың маскүнемдік пен нашақорлықтан көптеп көз жұмып жатқанына алаңдаулы. Дені сау ана ғана дені сау ұрпақ әкелетіні бесенеден белгілі. Жергілікті ұлттың саны жыл санап құрып бара жатқандықтан да, алып көрші арнайы "Ана капиталы" мемлекеттік бағдарламасын қабылдаған еді. Жұмыс істегеніне төрт жылға таяған бағдарлама расында да халық санының өсуіне әжептәуір өз септігін тигізген сияқты.

Бағдарлама күшіне енген алғашқы кезде ана капиталы 250 мың рубль болса, 2009 жылы 299 мың 715 рубльден 313 мың рубльге көбейді, ал 2010 жылдан бастап тағы да 343 мың 379 рубльге өсіп отыр. Оған екінші, үшінші немесе төртінші, бесінші, одан кейінгі баласын өмірге әкелген кез келген отбасы құжат тапсыра алады. Бір айта кетерлігі, ана капиталындағы ақша жыл сайынғы инфляцияның өсіп кетуімен есептелінеді. Яғни, ақша инфляцияға жұтылып кетпейді деген сөз. Бұл қаражатқа баласы үш жасқа толғанда ие болатын отбасы тұрғын үйін жақсартуға, баласын оқытуға мүмкіндігі бар. Бұл мақсатқа 2009 жылға бөлінген 26,3 миллиард қаржының 3,3 миллиард рублі жұмсалған. Статистикалық көрсеткішке көз жүгіртсек, бүгінде кемінде 62 мың ресейлік отбасы ана капиталындағы қаржымен ипотекалық несиесін өтеп үлгеріпті. Ал, тағы бір жаңа мүмкіндік – 2010 жылдан бастап ана капиталы арқылы тек ипотекалық несиені ғана жауып қоймай, баспана салуға және жаңа пәтер сатып алуға болады екен. Сондай-ақ, РФ Премьер-министрі В. Путин халықпен болған кездесуде ана капиталын пайдаланудың тізімін кеңейтуге болатынын айтып, тіпті, жақын арада мұндағы қаржыны баланың ем-домына жұмсауды қарастыратынын жеткізді. Бұдан бөлек ана капиталынан кез келген мақсатқа 12 мың рубль көлеміндегі бір реттік төлемақы беру үрдісі әлі жалғасын табуда. Бұл аз десеңіз, Ресей жыл соңына таман бала туу санын арттырудың жаңа жобасын қолға алды. Мәселен, үкімет бірінші, екінші баласы бар отбасының үшінші, төртінші баласын өмірге әкелуіне мұрындық болуы үшін екіжақты арнайы келісімшарт жасауына тура келді. Нәтижесінде Мемлекеттік думаның ана мен баланы қорғау мәселесі жөніндегі комитет қабылдаған бағдарламаға сәйкес, мемлекет үшінші, төртінші баланы асырауды өз мойнына алады. Ол үшін өмірге бала әкелуге қабілетті отбасының төрт құбыласы түгел әрі денсаулығы сыр бермеуі тиіс. Анаға да, мемлекетке де дені сау ұрпақ керек. Отбасының басты міндеті – үшінші не төртінші балаға өмір сыйлап, тәрбиелеу болса, қалған материалдық шығынның бәрі мемлекеттің құзыретіндегі шаруа.

Қорытындылай келе, "Ана капиталы" мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасында енгізуді ұсынамыз.